

*Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров
атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернат» КММ*

***Мамыр айында
атқарылған
жұмыстың есебі***

*Орындаған әлеуметтік педагог:
Ж.Қ.Лесбаева*

Атбұлақ 2024 жыл

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппароватындағы № 5 мамандандырылған физика – математикалық мектеп - интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы мамыр айында әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

1. ҰБТ қарсаңында оқушыларға психологиялық-әлеуметтік көмек көрсету
2. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау.
3. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру
4. Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің
5. қорытынды есебі
6. Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру

1. ҰБТ қарсаңында оқушыларға психологиялық-әлеуметтік көмек көрсету

Оқушы өміріндегі үлкен сынақтың бірі – ҰБТ. Он бір жыл оқыған білімнің нәтижесін таразыға салып, анықтап беретін емтихан. Осы орайда тест тапсыратын түлекке психологиялық тұрғыдан да дайындалған жөн. Мектеп психологі А.Ниязбекова мен бірлесе отырып, оқушылармен тілдестік. Түлектерге психологиялық дайындық не үшін керек? ҰБТ әр оқушы үшін өте маңызды сынақ. Алдымен психологиялық дайындық не үшін керек деген сауалға тоқталайын. Бұл дайындық зейінді жақсартады, стрессті жеңуге көмектеседі. Бәріне белгілі, ондай жерде стресс өте қатты болады. Ал оны жеңілдетсе, тестті де оңай тапсырады. Стресс басым болса, күнделікті оқып жүрген ақпараттарды да ұмытып қалуы мүмкін. Дайындығы бар бала қатты күйзеліске түспейді. Сынақ тесттерінде қандай бал алса, шешуші кезеңде де сол шамада жинайды. Тестке кірмей тұрып, арнайы жоспар құру керек. Әр сабаққа қанша уақыт жұмсайтынын шешіп алған жөн. Сол кезде мидағы күйзеліс азайып, оқушы өзінің қандай қадам жасайтынын біліп отырады. Ең бастысы - күйзеліске ұшырамау екендігі оқушыларға түсіндіріліп өткізілді.

2. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау.

Жас ұрпақ тәрбиесі адамзаттың барлық кезеңінде ғасырлар бойы дамып, өз шешімдерін тауып келеді. Мектеп өмірінде мұғалім – басты тұлға. Мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді.

Ұлы данышпан Абай Құнанбайұлы «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деген қанатты сөзінде айтқан. Тәрбие тек сабақ берумен ғана шектелмейді, ол сабақтан тыс уақытта да жалғаса береді және тереңдетіле түседі. Сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс – әрекет әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып жүргізіледі. Тәрбие барлық уақытта және барлық жерде жүзеге асырылады. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектеуге болмайды. Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстардың алатын орны ерекше. Осы орайда оқушылармен тренинг сабақтар өтілді.



Тәрбие - қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Тәрбие маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Сабақтан тыс уақытта балаларға арналған журналдарды үнемі пайдалану; Әр түрлі кездесулер өткізу; Әр түрлі тақырыпта балаларға пікірталас, сайыс өткізу; Мектептен тыс уақытта музейлерге апару, табиғатқа саяхатқа шығу; Әртүрлі спорттық жарыстар өткізіп тұру; Каникул кезінде үйге тапсырмалар беру; Ұстаздар ұйымы, ата – аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп, өткізуге көмектесу керек.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру оңай мәселе емес екендігі анық. Мұның қиындығы балалардың бос уақытын ұйымдастыру тәсілдерінің сан қилылығына байланысты.



Бос уақытты тиімді пайдалану ұйымшылдыққа, мейірімділікке, сыйластыққа, қамқорлыққа үйретеді. Бірін – бірі шеттетпейді. Ортаға үйренеді. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін спорттық, әр - түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады. Балаларды кішкентайынан тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерінің бірі шығармашылыққа жүгіну. Балаларды адамгершілікке, әдемілікке тәрбиелеуде көркем шығармалардың маңызы зор. Баланың ой – санасын дамытуға, мінез – құлықтарын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге, көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс – әрекеттері үлкен әсер етеді. Балалар ұйымы, ата-аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесулері керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру оңай мәселе емес екенін де ұмытпауымыз керек.

3.Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру

«Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығына 20 наурыз-09 сәуір аралығында мектебіміздің 10 - сынып оқушысы Амангелді Бақыт пен 9 - сынып оқушысы Пернебек Мейірман жіберілді.

Мектеп директоры:

Ж.Ахмедов

Орындаған әлеуметтік педагог Ж.Лесбаева

